



МҰҚРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№89
(2154)
Сәрсенбі
11 қазан
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖАНҚОЖА БАТЫР АУЫЛЫНДА ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Қазалы ауданы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2 мектептің құрылысын салу жоспарланған болатын. Осыған орай жақында Жанқожа батыр аулындағы 300 орындық мектептің құрылысы басталды.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Жанқожа батыр аулына арнайы барып, құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Қазіргі таңда жаңа білім ордасының жер учаскесі дайындалып, тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылысты көрген аудан басшысы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы мен мердігер мекеменің жауапты қызметкеріне



құрылыс жұмыстарын сапалы әрі уақытылы жүргізілуін қадағалауды тапсырды.

Білім ордасының құрылысы

толықтай аяқталғаннан кейін «Жайлы мектеп» жаңа модификацияланған кабинеттермен жабдықталады. Сондай-

ақ, оқушылардың сапалы білім алуына толық жағдай жасалып, жоғары және бірінші санатты мұғалімдер құрамының пайыздық үлесін, педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыруға барлық жағдай жасалады.

Айта кетейік, «Жайлы мектеп» жобасы бойынша Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығында салынатын 600 орындық мектептің құрылысы келер жылы басталмақ.

Аудан басшысы құрылыс нысанынан кейін ауылдағы №94 мектеп пен «Жауқазын» балабақшасының жылу маусымына дайындық жұмыстарын пысықтады.

АРАНДЫДА АУЫЛ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ



«Аранды» аулында ауыл күні аясында және «Аранды қыр» мешітінің ашылу рәсіміне орай мәдени-көпшілік іс-шаралар өтті.

Екі күнге созылған мерекелік шара «Жүректе мәңгі есімің, Арандым - алтын бесігім» атты аудан өнерпаздарының қатысуымен өткен мерекелік концертпен бастау алып, ҚР Құрметті журналисі, ҚР Мәдениет қайраткері Сексенбай Күлімбетовтың туғанына 75 жас толуына орай аудандық дәстүрлі әндер байқауына жалғасты.

Мұнан соң ауыл халқы мен қонақтары ауыл орталығынан ашылып жатқан жаңа мешіттің ашылу рәсіміне қатысты.

Ауыл күні аясында өткізіліп жатқан мерекелік шараларға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов арнайы барып, «Аранды» халқын мерекелерімен құттықтады. Сонымен қатар мұндай тағылымы мол шараларды ұйымдастыруға атсалысқан бірқатар азаматтарға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев пен бар-

ша тұрғындар атынан шынайы алғысын жеткізді.

Имандылық үйінің ашылу салтанатында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, қоғам қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Темірхан Кенжебаев, Жанқожа батыр атындағы орталық мешіттің бас имамы Нұрдаулет Нәби мешіттің ашылуына байланысты құттықтау сөз сөйледі.

«Аранды» аулының ақсақалы Ерболат Тағыбаев сөз сөйлеп, жаңа мешітті өз қаржысына салған, жерлес кәсіпкер Берік Сыдықовқа ризашылығын білдіріп, ауыл тұрғындарының атынан иығына шапан жауып, ат мінгізді.

«Аранды» аулында туып, қазіргі уақытта Алматыда тұратын Берік Сыдықов сөз алып, жерлестеріне рахмет айтып, ауданның бас имамына жаңа мешіттің құжаттарын тапсырды.

Ауыл күні аясында өткізіліп жатқан мәдени шаралар мұнымен тоқтап қалмады. Ауыл шетінде ат бәйгесі өтіп, бабалар рухына арналып құран бағышталып, ас берілді.

КОМИССИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСТАРЫ

Әйтеке би кентіндегі бірқатар білім ордalarında Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның көшпелі отырысы өтті.

Әйтеке би кентіндегі №266 мектеп-лицей, №226 мектеп-гимназия мен №70, №216, №234 орта мектептерде өткен басқосуға аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының мүшелері, мектеп директорлары мен мұғалімдер, ата-аналар және жоғары сынып оқушылары қатысты.

Көшпелі комиссия отырысын жүргізген аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов мектеп оқушылары және жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылық, кәмелетке толмағандарға зорлық-зомбылық, кибербуллинг әрекеттері өте өзекті болып отырғанын тілге тиек етті.

«Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларда тұрмыстық зорлық-зомбылық, жыныстық қылмыстарының құрбаны болуы деректерінің қаралғаны, көмектер көрсетілгені туралы» аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Ғанибек Құрманалиев, «Кәмелетке толмағандардың ерте жүктілігі, оның ішінде он алты жасқа толмаған кәмелетке толмағанның жүктілігі жөнінде» «Болат жолы» емханасының акушер-гинеколог дәрігері Арайлым Жәдігер хабарлама жасап, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Басқосуда комиссия мүшелері күн тәртібіндегі мәселеге байланысты ой-пікірлерімен бөлісті.

Сондай-ақ, ата-аналар да өздерінің балалар тәрбиесіне қатысты ұсыныстарын айтты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы қызметкерлерімен жиын өтті.

Жиында қызметкерлерге Жолдаудағы басым бағыттар түсіндірілді. Сондай-ақ, саяси реформалар мемлекеттік басқару саласына өзгеріс

енгізіп, мемлекеттің дамуына тың серпін беретіні, оны жүзеге асыруда ел болып жұмылып әрекет ету керектігі айтылды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел-Әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз.

Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Әрине, даму жолымыз әрдайым теп-тегіс, даңғыл болмайды. Ешкім де сырттан келіп, Қазақстанды көркейтіп жібермейді. Ол үшін еліміздің әрбір азаматы заман талабына сай болуға тиіс. Қазақстан - біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы өз қолымызда. Бабалалардан

мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз.

Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын», - деді. Сондықтан Жолдауды орындау, жүзеге асыру барлығымыздың борышымыз болып табылады.

Ғабидулла САРЫҚҰЛОВ,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
басшысы

•Білім

СӨЗ ӨНЕРІНЕ БІЗДІҢ ҮЛЕС

Сөз өнері – ең сұранысқа ие өнер. Талай таңдай қақтырған ұлылар көркем ой, асыл сөз, ерек ісімен көпке өзін мойындатқаны ақиқат.

Әйтеке би кентінде маусым айынан бастап жас жеткіншектердің осы бағытта дамуына арналған «Көркем сөз» үйірмесі өз жұмысын бастады.

Үйірме жұмысы – тілді дамыту мен ойлаудың іргетасы. Сабақтан тыс шығармашылық орталықтың жұмысы ой дамытуға, сөздерді байланыстырып көркем сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға, кітап оқуға, ізденіске, талдауға маңызы зор. Үйірме жұмысы тіл дамытудың барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер, аңыз оқу, жыр жаттау арқылы баланың тілі дамиды. Балалар туындыларды ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Үйірме жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қортынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге шығармашылық жұмысы сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға үйретеді, оның шығармашылық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Сөз байлығы – қоғамның байлығы және әр адамның байлығы. Сондықтан жас ұрпақпен шығармашылық жұмыс жүргізудің маңызы зор. Сөз байлығының аздығы оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден үйренген сөздерін

қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді, ал үшіншіден сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сауатты һәм шешен сөйлеп үйренеді.

Үйірменің басты ұстанымы: мазмұнды сөйлеу, жүйелі сөйлеу және ойды айқын, сендіре, оқушысына немесе тыңдаушысына әсер ете білу шеберлігі.

Шығармашылық орталықтың жұмысы оқу сабағында мынадай міндеттерді орындауды қажет етеді:

1. Балалардың ой кеңістігін кеңейту, яғни әдеби кітаптарды көп оқу, талдау жұмысы.

2. Жаңа сөздермен таныса отырып, сөздік жасау, яғни белгілі бір сөздердің мағынасын түсіндіру, жаңа сөздер үйрету.

3. Белгілі және жаңа сөздерді қолдану, пайдалану аумағын, көлемін көбейту, үйренген сөздермен салыстыру арқылы жаңа контекстке пайдалану.

4. Байланыстырып сөйлеуге көркем сөздерді пайдалану, оның грамматикалық тұлғаларын аңғарту, өмірмен байланысты жүргізу.

5. Синоним, антоним, көп мағыналы сөздерге талдау жасау, астарлы сөздердің мағынасын нақтылау.

6. Мектеп оқушыларының сөйлеу қорына әдеби тілге жатпайтын сөздерді ендірмеу, артық сөздерді қолданбауға үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қол жеткізу.

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқушы шығармашылығын жазғы демалыс уақытында дамытудың қажеттілігі қоғам талабынан туындаған еді.

Сөз өнері сабағы – оқушының дұрыс оқуы мен дұрыс сөйлеуіне, ой-өрісі жан-жақты дамуына, әңгімені мәнерлеп оқуға, шығармашылық жағынан дамуына ықпал етеді.

Мәтінді игеріп кетуге, өлеңге талдау жүргізіп, жаңа стратегия-

ларды пайдалануға, өлең, өтірік өлең жаза білу, жатқа білуге септігін тигізеді.

Оқушылардың ерекшеліктеріне байланысты заттарды салыстыру арқылы жұмбақтар құрастыру, оқиғаларды суреттеу арқылы өтірік өлеңдер, ертегілер құрастыруға ынталы етеді. Бағдарлама бойынша ауызша сөйлеу, қарапайым сөздерден сөйлем құра білу, сауатты сөйлеу, жазу және қазақ халқының салт-дәстүрін білу маңызды. Олай болса қазіргі жаңа буын оқулықтарында «өлең жалғастырып көр», «өлең жаз» деген тапсырмалар жиі кездеседі. Бірақ осы өлеңді жазу үшін оқушыны қалай үйрету керек? Әлде оны өзі жаза ала ма? деген сұрақтар тууы мүмкін.

Өлеңді құрастыру, өлең шығару үшін, алдымен оқушыларға теориялық қандай білім беру керек екендігін айқындап алу керек. Шумақ, тармақ, бунақ, ұйқас және олардың түрлері, өлең мазмұнын құруға үйрету жолдарын кең қарастырмас бұрын өлең құрылысы туралы мағлұмат беріп аламыз. Мәтін, әңгімелер, жаңа стратегияларды пайдалану арқылы оқушылардың белсенділігі артады.

Ана тілін терең оқыту арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулуды мақсат тұттым. Осы оқу үйірмесі мәтінді оқыту әдіс-тәсілдерін, жұмбақтар құрастыру, оқушылардың ізденімпаздық қабілетін, дарындылықты дамытуға ықпал етеді.

Біздің үйірменің басты мақсаты:

Оқушылардың өзіндік рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету, кітап оқуға деген ынтасын арттыру. Оқушылардың сөздік қорын, сөйлеу дағдыларын ескере отырып, әр сабақта сөйлем құрау, сауатты жазуға, түсінгендерін

айта білуге дағдыландыру, бір-бірімен сөйлесе білуге үйрету.

Міндеттері:

Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;

Көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын ояту;

Шығарманың түпкі мәнін түсінуін, эмоциялық қабылдауын қамтамасыз ету.

Мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін, ана тіліміздегі сөз мағыналарының түрленуіне көңіл аударту;

Ауызекі және жазба тілді байланыстырып сөйлеуін, ойын еркін жеткізуге, сауатты да мәнді жаза білуге дағдыландыру;

Өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу;

Оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік, адамгершілік қасиетін дарыту;

Осы оқу үйірмесінің мазмұнын меңгерген оқушыдан күтілетін нәтиже:

1. Оқушының қазақ тілі мен әдебиет пәндеріне қызығушылығы артып, ізденімпаздылық, логикалық ойлау қабілеттері жетіледі.

2. Берілген тапсырмаларды өз беттерінше жүйелейді. Оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылады (сөзжұмбақ, өз ойларынан өлең құрастыру, шығарма жазу).

3. Оқушы өз пікірін айта білуге дағдыланады.

4. Оқушылардың бойына адамгершілік, ізгілік, имандылық, адалдық қасиеттер дариды.

5. Оқушылардың дүниетанымы кеңейеді.

6. Оқушылардың сөздік қоры молайып, шешен сөйлеуге үйренеді.

Басты мақсат- сөз шеберін қалыптастыру. Дана ұрпақ көп болсын!

Сағыныш ӨТЕУЛИЕВА,
№266 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ АҚТАҢГЕРІ



Ерді ел мүддесі өсіреді. Халық игілігі жолында маңдай терді төгіп, қар талдыра еңбек еткен аға буын өкілдерінің ізгілікті ісі ешқашан да өшпейді. Қайта өскелең ұрпаққа ұлағатты өнеге, берік бағдаршам боп сақтала береді. Біз халықтың жадында жүрген арда азамат Аяған Мәмбетжанов жайлы әңгіме өрбіткенді жөн санадық.

Аяған Қазалы ауданының «Ворошилов Жаңаталап» колхозында 1930 жылы туып, көп балалы отбасында тәрбиеленген. Ағасы Өмірзақ пен Қуандықтың (Қуандық Ұлы Отан соғысына алынып, майдан даласында мерт болған), апалары: Балжан, Балым, Балбөпенің қамқорлығына бөленеді. Қарындасы Әсемханға ағалық аялы алақанын соза біледі. Мүшел жас 13-ке аяқ басқанында диқаншылықпен айналысатын сүйікті әкесі дүние салып, бала жүрегіне қара бұлттай қайғы мұңы үйіріледі. Әйтсе де жабырқау көңілін жұбатып, күнделікті тұрмыс қамын күйттеуге бекем бел буады. Аналарын арқа тұтқан, үйелменді-сүйелменді ағайындылар ауызбіршілік танытып, алдағы уақыт еншісінен үміт үзбейді. Сауат ашу мектебінен 4 кластық білім алған Аяған бұғанасы қатпай жатып, колхоз жұмысына араласады. Шаршап-шалдықса да тапсырылған шаруаны тап-тұйнақтай етіп, тиянақты орындауға дағдыланады.

Бір жолы «Бірліктегі машина-трактор стансасына (МТС) механизатор мамандар іздеп жатыр екен» деген хабарды құлағы шалады. Көкөрім кеудесін қиял жетегі билеген ол «Мен де темір тұлпарды тізгіндеп көрсем қайтеді?», - деп терең ойға беріледі. Көкейіндегі қалауын ағасы Өмірзаққа жеткізгенінде: «Адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Жағымды жаңалыққа талпынғаның дұрыс-ақ. Бойындағы ынта-ықыласыңды өшірмесең, түбінде мақсатың орындалады, шырағым», - дейді. Бауырының қолдауынан күш-жігер алған бозбала жігіт ақыры диттеген межесіне жетеді.

«Бірлік» аулындағы солжаға МТС-нің басшылығы 1944 жылы

кадр жетіспеушілігін ескере келе Аяғанды трактор жүргізушісінің көмекшілігіне қабылдайды. Қазалы совхоз техникумының жанындағы қысқа мерзімді курстан өтіп, білімін жетілдіреді.

Шотаяқ «ХТЗ» тракторының қуаты әлсіз. Атыздың келесі басына жеткенінше радиаторға құйылған су сарқылдап, қайнап кететін. Көмекшінің күнұзағына май-су тасымалдаудан қолы босамайтын. Сонда да кейде рычакті өзі басқарып, әріптесіне қолғабысын тигізеді. Бертін келе Сталинградтағы зауыттан шығарылған «СХТЗ-НАТИ» маркалы тракторлары пайдаланыла бастады. Кабины бар, шынжыр табанды техниканың еңбек өнімділігі әлдеқайда жоғары. Аяғанға «СХТЗ-НАТИ»-сеніп тапсырылды. Сырдарияның батыс бетіндегі шағын колхоздардың қайсысынан тапсырыс түссе бұлар тездетіп орындаудың қамын жасайды. Трактордың күтімін қатаң қадағалап, тоқтаусыз жүргізуге күш салады. Тылдағы еңбек майданының нақ ортасынан табылған Айекең сол жылдары Ыбырай Наукеев, Сералы Тілеубергенов, Хамит Ахметов есімді механизаторлармен бірге Жеңіс күнін жақындатуға қомақты үлесін қосады.

1951 жылы «Жаңаталап», «Ворошилов», «Майдакөл», «Еңбек» атты майда колхоздар біріктіріліп, «Майдакөл» колхозы құрылғанда кіндік қаны тамған жерге оралады. 1962 жылы Карл Маркс атындағы совхоз құрылып, «Майдакөл» колхозы бөлімше болып қалғанда шаруашылықта механик болып механизмдердің тоқтаусыз жүруін қамтамасыз етеді. Трактор, комбайн тілін меңгеруге талпынған Серік Әбсеметов, Мәкеш Бахитов, Тәңірбай Махамбетов, Тайлақбай Қазиев, тағы басқа да ізбасар інілерінің шеберлігі шындалуына көмегін көрсетеді. Шаруашылық директоры Тәжікен Қартақов, бас инженер Ереш Тілеубаев, егіс бөлімшесінің жетекшісі, ферма басшылары мен мамандары: Қали Мәкенов, Аяған Ділжанов, Айдәулет Нағыметов, Көптілеу Қайназаровтармен тіл табысуының арқасында ортақ істің өрге домалауына аянбай атсалысып, абыройға бөленеді.

1974 жылы Карл Маркс атындағы совхоздан «Майдакөл» бөлініп шығып, өз алдына шаруашылыққа айналған тұста жаңа құрылымның шаңырағы биік, босағасын берік етуден аянып қалмады. Совхоздың жаңа директоры Киікбай Әймішев байырғы мамандарды топтастырып, олардың іс-тәжірибесіне ден қояды. Сонда Айекең де көзден таса қалмай жауапты міндеттерді атқаруды мойнына алады. Шаруашылықта механик, машина-трактор ауласының меңгерушісі, жанар-жағармай базасының меңгерушісі, мал

азығын дайындау бригадасының басшысы қызметін талапқа сай жүргізеді.

Талпыныс табысқа жетелейді. Өмір ағымына икемі мол жан 1979 жылы Карл Маркс атындағы жұмысшылар кооперациясының автодүкен меңгерушілігіне ауысып, сауда жүйесіне араласады. Малшылар мен сауыншылардың, егіншілер мен механизаторлардың азық-түлігі мен зәру бұйымдарын мезгілінде жеткізеді. Тұтынушыларға белгіленген кестеге сәйкес қызмет көрсетуді бұлжытпай орындайды. Ол ауыл шаруашылығы мен сауда саласындағы елеулі еңбегі үшін ақшалай-заттай сыйлықтармен «Алғыс хат», грамоталармен марапатталып, әр жылдары «Бесжылдықтың екпіндісі» төсбелгісін кеудесіне таққан.

«Майдакөл» совхозының тыл ардагері Аяған Мәмбетжанов уыздай ұйыған шаңырақтың тірегіне айналған абзал әке еді. Құдай қосқан қосағы Бекзада Пайызқызы екеуі тату-тәтті ғұмыр сүріп, алтын асықтай ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Барлығы да үйлі-баранды, бәрі де өз мамандықтары бойынша ел дәулетін еселеп арттырудан тыс қалған жоқ. Үлкен қызы Марал есепшіліктен зейнеткерлікке шығып, 2016 жылы дүние салды. Алдоңғар зоотехник, Марат есепші, Аралбай дәрігер, Жаңабай жеке кәсіпкер, Аманбай мұғалімдік мамандықтың тұтқасынан ұстаған. Бүгіндері Аяған әулетінің немерелері ержетіп, шөберелермен жалғасқан ұрпақтар сабақтастығы өркенін кеңге жаюда.

Медицина қызметкері, «Құрмет орденінің иегері», Қазалы ауданының құрметті азаматы Аралбай Аяғанұлы бізбен әңгімесінде:

- Дөңгеленген дүниеге келген әрбір пенде ата-анасының алдында мәңгілік борыштар. Біз де әке-шешемізді ерекше қадір тұтамыз. Менің әкем Аяған соғыс уақытында тылда, кейін бейбіт заманда ауыл шаруашылығын өркендетуде қажырлылық көрсеткен азамат. 1990 жылы дүние салды. Шешеміз Бекзада тылдағы қарбалас жұмыстың дәмін татқан, 2008 жылы өмірден озды. Жақында ағайын-туыстың басын қосып, осы аяулы да асыл жандардың рухына ас беріп, құран оқытқалы отырмыз. Бұл біздің мұсылмандық және перзенттік парызымыз, - деді.

Иә, елім деп еміреніп өткен ардақты ағаның алды пейіш, арты кеніш болсын!

Сахи ҚАПАР,
Қазақстан
Республикасы Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің «Еңбек
ардагері» медалының иегері

ТОЛЫҚҚАНДЫ ОТБАСЫ – БАЛА БАҚЫТЫ

Отбасының басты мақсаты бақытты ғұмыр кешу. Отбасының бақыты үшін көп нәрсенің қажеті жоқ. Жанұя мүшелерінің сыйластығы, бір-біріне деген құрметі мен сүйіспеншілігі болса жетіп жатыр.

Бір өкініштісі қазіргі қоғамда балаға назар аудармайтын отбасылар көбейді. Оған себеп, күйбең тіршілігі. Олар баламды қалай бағам, қайтсем киіндіремін, қатарынан қалдырмай ақылы түрде болса да оқытамын деген мақсатпен күндіз-түні жұмысқа байланып, балаға назар салмайды.

Белгілі журналист Қымбат Әбілдина бір сұхбатында: «Біздің буынның қателігі – жұмысбасты болдық. Біз өзімізге сендік. Менің тәрбием мықты. Менен туған ұл, менен туған қыз бұзылмайды деп ойладық. Осыларға жақсы тамақ алып берейік, әдемі киіндірейік деп жұмыс істедік. Біздің қателігіміз сол», - деп еді.

Тағы бір атап айтар жәйт, отбасын құрған жас отаулардың ажырасуы. Ажырасудың зардабы еш кінәсі жоқ балаларға тиіп жатыр. Жас жеткіншектердің өгей әкеден, өгей шешеден көретін азабы көп. Тұла бойынды тітіркендірер зорлық-зомбылықты есту оңай болмай отыр. Тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, алпыс екі тамырын идірген туған баласын сауық-сайран құрар өміріне кедергі сияқты көретін аналардың көбеюі қоғам дертіне айналды. Баланың ішкі жан дүниесіне мән берер ата-ана қайда? Алланың берген аманына қиянат жасамай, бала тәрбиесіне бей-жай қарамай, отбасы құндылығының жауапкершілігін бір кісідей жұмыла атқарсақ, бақытсыз баланың, ойрандалған отбасының болмасы анық. Бала өскенше қолыңа, өскен соң жолыңа қарайды. Оған тәрбие беру үшін, өзіміз оған идеал бола білуіміз керек.

Отбасының негізгі құндылығы - сыйластық. Ол ерекше ықылас пен махаббаттан пайда болады. Жанұяңды сақтап қалу – бір шағын мемлекетті сақтап қалу. Жеке-леген әр отбасынан мемлекет құралады. Бір отбасының күйреуі мемлекеттің бір шетінің сөгілуі. Сол үшін мемлекетіңе, еліңе, қоғамға жаның ашып қызмет ету әр адамзаттың парызы деп білемін.

Толыққанды отбасы – бала бақыты! Отбасымызды сақтай білейік!

Рита БАЙЗАҚҚЫЗЫ,
Қазалы аграрлы –
техникалық колледжі

● Боямасыз өмір

ҚОС ҚАРИЯНЫҢ ҚОШТАСҚАНЫ ЕСІМНЕН КЕТПЕЙДІ

1961 жылдың тамыз айы. «Қазалы қой» совхозының отыздан астам отбасы №3 ферма орталығынан 5-6 шақырым жердегі «Жалғыз тал» деп аталатын Сырдария өзенінің бойындағы шабындық жерге жаз ортасында көшіп барып, қараша үйлерін тікті. Мақсаттары өзен бойындағы шабындықтан малдың қысқы азығын дайындау.

Менің нағашы атам Рахимбердінің үйі сол жерде. Мен атамның үйінде жатып ферма орталығындағы төрт жылдық бастауыш мектепте оқимын.

Атамның үйіне түс қайта ұзын бойлы, үстінде ұзын шапаны, басында бөркі, аяғына мәсі киген, көзілдірікті ақсары қария келді.

Атам мен әжем ол кісімен төс қағыстырып жылап тұрып амандасты. Отбасыларының аманшылықтарын сұрасып кеуілдерін бірлегендей болды.

Ақсақал Арал ауданының «Көк Арал» деген жерінен келіпті. 1940-1948 жылдары аралығында менің нағашы атам мен әжем де «Көк Аралда» тұрып балық аулаумен айналысыпты.

Қарияның есімі Баймахан 81 жаста. Сол кезде нағашы

атамның жасы 72-де болатын.

Ақсақалдың айтуынша Арал қаласынан пойызға мініп, «Майлыбас» бекетінен түсіп, тоғыз шақырымдай жаяу жүріп №3 ферма орталығына келеді. Одан бес, алты шақырым жаяулатып «Жалғыз талға» жеткен.

Сексен бір жастағы қария қуатты. Жаяулап, сұрастыра жүріп ақыры бауырын тауып келген.

Мені атам қара есекке мінгізіп ферма орталығына жіберді.

-Арал жақтан атамның немере ағасы келді, соған мал сойып жатыр,-деп шалдарға түсіндір,- деді. Содан 7-8 қариямен бірге «Жалғыз талға» келдім.

Бауырсақ қуырылып, қой сойылып, дастархан жайылған.

Келген қонақпен ауыл адамдарын Рахимберді атам таныстырды.

Дастархан басына жиналғандардың қолдарына су құю, ферма орталығынан келген ақсақалдардың есектеріне қарап қою менің міндетім.

Дастархан басындағылар қауқылдасып малдың етін жеп, шай суларын ішіп, іңір қараңғысында қайтты.

Баймахан атаның неше күн жатқанын білмеймін

бірнеше күннен соң қайтуға дайындалды. Жарым жолға дейін шығарып салайын деп Рахимберді атамда белін буып жолға шықты. Менде олардың ізіне ердім. Маған ферма орталығынан «Майлыбас» жаққа баратын автокөлікке Баймахан атаның мінгенін көріп қайт деп әжем қосымша тапсырма берді.

Үш шақырымдай жүрген соң «Ал енді хош сау бол, ендігі жерде Алла аманшылықта кездестірсін.

Он үш жылда зорға дегенде кездесіп тұрмыз. Енді он үш жылда кім бар, кім жоқ, ендігі жерде бір-бірімізді көре аламыз ба, жоқ па»,- деп екеуі бірін бірі қимай қоштасты. Баймахан ата «Қой менде сені шығарып салайын»,- деп «Жалғыз талға» қарай бір шақырымдай кері жүріп келіп екеуі құшақтасып қоштасты.

Бұл қоштасулары осылайша төрт, бес рет қайталанып барып Баймахан ата ферма орталығына, Рахимберді ата «Жалғыз талға» қарай баратын машина жолға түсіп кетіп бара жатты. Екеуі де ауық-ауық арттарына қарап қояды. Екеуі де жылап бара жатыр.

Екі жылдан соң «Баймахан ата өмірден озыпты» деген суық хабар нағашы атама

жетті. Нағашы атам Рахимберді қария жинаулы тұрған пішенге арқасын тіреп отырып өксіп-өксіп ұзақ жылады. Біраз уақыттан кейін дәретін алып үйіне келіп жайнамазын жайып жіберіп құбылаға қарап отырып Баймахан ата рухына бағыштап бір сағаттай Құран аяттарын оқыды.

1969 жылдың қыркүйек айында Рахимберді ата өмірден озды. «Майлыбас» бекетіне жақын Сыр өзенінің бойындағы «Көк мешіт» қорымына жерленді.

Ал, Баймахан ата өзі тұратын «Көк Аралға» жерленген болар деп ойлаймын. «Көк мешіт» қорымындағы нағашы атамның басына жыл сайын барып тұрамын. Дұғамды оқимын. Сол кезде біреуі «Көк Аралдан», біреуі «Көк мешіттен» мәңгілік мекендерін тапқан екі қарияның 62 жыл бұрын жылап тұрып бірін бірі қимай қоштасқандары есіме түседі.

Екеуі де есті кісілер ғой. Енді бұл жалғаншы өмірде бір-бірлерін көре алмайтындықтарын сезген екен ғой жарықтықтар.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
аудандық орталық
«Жанқожа батыр»
мешітінің баспасөз
хатшысы

● Еске алу

ЕЛ АҒАСЫ АТАНҒАН АЗАМАТ ЕДІ

Аман інімнің домбыраның қос ішегіндей ажырағысыз мағыналы ғұмыры қашан зейнет демалысына шыққанға дейін болат жолмен байланыста өрбіді. Табанды еңбегі мен тынымсыз оқып, білімін жетілдірудің арқасында көмекшіліктен машинист дәрежесіне көтерілді. Бұл шыққан биігіне тоқмейілісмей жүк поезды ұршықша үйірген ол кейін жолаушылар таситын білікті машинист атанды. Локомотив депосының мақтанышы саналған Қосыбай, Дайрабай, Алтай сынды ағаларының іс-тәжірибесінен үлгі-өнеге ала отырып, өз қатарластары: Бегімбай, Сартай, Сараман, Сәдеш, Әскербек, Ертуған, тағы басқалармен иық теңестірді.

Еңбек көрігін қыздырды. Бір адамның басына жетіп, артылатындай абырой мен беделге бөленді. Жылдар өте келе темір жол тарланы деген атаққа ие болды. Ізіне ерген, жолын қуған көптеген шәкіртіне ақылшы әрі тәлімгер ұстаз болды. Қос ұлы: Арнұр мен Ғалым әке жолын қуып, теміржолшы атанды. Ұрпақ жалғастығы ізімен ата-бала-немере теміржолшылар әулеті қалыптасты.

Аман інімнің ел қолдап, жұрт сүйсінген елдік ісінің бірі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары өзі бас болып стансаның күншығыс бетіндегі Жетес би көшесінің дәл ортасындағы алаңға Сырдың ділмәр шешені, қара қылды қақ жарған әділ биі Қыстаубайұлы

Жетес биге (1828-1914 жж.) көз тартарлық ескерткіш белгі орнатып, төңірегіне көріктендіріп, абаттандыруға ағайын-туысты жұмылдыра білуі еді.

Дүрбелеңді жоңғар шапқыншылығы кезінде туған жерді қас дұшпаннан қорғап, азат ету жолында мерт болып, қаза тапқан Саңырық батырға Шымкент пен Қызылорда автожолының стансаға таяу қыр жақ бетіне бүгінгі ұрпақтары атынан жабық күмбезді ескерткіш белгі орнатуға ұйытқы әрі мұрындық бола білгендігі. Зейнет демалысына шыққаннан соң аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, Әли Мұса мешіті ақсақалдар алқасының төрағасы қызметін атқарған

тұста да жарқын ісімен, өнегелі әрекетімен, тың бастамалар жасауымен ерекшеленіп білді. Қай ортада жүрсе де сөзіне ісі сай, көркем мінезді Аман (Амангелді) Шәріпұлы Дінахметов жүрегі қашан соғуын тоқтатқанға дейін сүйікті елінің бақуатты болуы мен туған жерінің гүлденуі жолында түн ұйқысын төрт бөлген, бастаған ізгілікті ісін аяғына жеткізгенге дейін дамыл көрмеген, тыным таппаған еліне сыйлы, достарына адал, арда туған азамат бола білді. Қалай десек те, ғалымның хаты, жақсының аты өлмесіне бек сенімдіміз.

Аман інімнің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Қараша ҚАРАМАН,
Алматы облысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.